



"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 5 сәуір N 406

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы

K010155_

Кодексіне (Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

35-баптың бесінші бөлігінің екінші, үшінші, төртінші, бесінші абзацтары "477" деген саннан кейін "479, 480" деген сандармен толықтырылсын;

61-баптың бірінші бөлігінің 7) тармақшасында "орындау" деген сөздің қазақша мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

63-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Егер, әкімшілік айыппұлдар заң актілерінде белгіленген салық

міндеттемелерінің орындалмаған немесе тиісті дәрежеде орындалмаған сомасының процентімен көрсетілген жағдайда, оларды бірнеше әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін салған кезде айыппұл әрбір әкімшілік құқық бұзушылық үшін бөлек ө н д і р і л і п а л ы н а д ы . " ;

64-баптың екінші бөлігі "азаматтық" деген сөздің алдынан "өз еркімен залалды өтеуден бас тартқан жағдайда," деген сөздермен толықтырылсын;

69-бап мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

"Ескерту. Созылып кеткен деп, осы Тараудың Ерекше бөлімінің бабында көзделген белгілі бір әрекеттің бірінғай құрамының үздіксіз жүзеге асырылуымен сипатталатын және оны анықтаған сәтте аяқталмаған құқық бұзушылық танылады.";

84-баптың бірінші абзацы ", қылмыстық жазалау әрекетінің белгілері болмаса, -" деген сөздермен толықтырылсын;

87-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы "жалақыны" деген сөзден кейін "және өсімді" деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 135-1-бабымен толықтырылсын:

"135-1-бап. Лауазымды адамдардың және ұйым басшысының оларға сеніп тапсырылған объектілердің (мүліктердің) қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін орындамауы және (немесе) тиісті дәрежеде орындамауы

1. Лауазымды адамдардың және сол сияқты мемлекеттік орган немесе жергілікті өзін-өзі басқару органы болып табылмайтын ұйым басшысының оларға сеніп тапсырылған Қазақстан Республикасының аса маңызды мемлекеттік, стратегиялық объектілерінің және тіршілік қамтамасыз ету объектілерінің қауіпсіздігі мен сақталуының қажетті деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін орындамауы және (немесе) тиісті дәрежеде орындамауы, егер бұл әрекетте қылмыстық жазалау белгілері б о л м а с а , -

лауазымды адамдар мен ұйым басшыларына айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде жасалған нақ сол іс-әрекеттер, -

лауазымды адамдар мен ұйым басшыларына айлық есептік көрсеткіштің оннан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

1 3 7 - б а п т а :

тақырыпта "немесе өзге қызметпен айналысу" деген сөздерден кейін, ", сондай-ақ іс-әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру" деген сөздермен толықтырылсын;

б і р і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзац "немесе өзге қызметпен айналысу" деген сөздерден кейін, ", сондай-ақ іс-әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацта "және лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрып" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

екінші бөліктің екінші абзацында "және лицензиядан айырыла отырып" деген сөздер алынып тасталсын;

139-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"139-бап. Лицензиялау тәртібін бұзу

1. Заңдарда белгіленген лицензиялық ережелер мен нормаларды бұзу, соның ішінде лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келмеу, - қызметтің белгілі бір түріне лицензияның күшін тоқтата тұрып жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінің негізінде әкімшілік жаза қолдануға әкеп соққан бұзушылықтардың әкімшілік жаза қолданылған күннен кейін алты ай ішінде жойылмауы,

қызметтің белгілі бір түріне берілген лицензиядан айыра отырып, жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

158-бапқа ескертудің 1-тармағында "құқық қорғау органдарына" деген сөздер "заң актілеріне сәйкес банк құпиясы бар мәліметтерді алу құқығы бар адамдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

167-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"167-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алулар туралы заңдарын бұзу

1. Мемлекеттік сатып алулар туралы заңдарда көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін негізсіз қолдану, - лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Ондай келісу заңдарда көзделген жағдайда, мемлекеттік сатып алу тәсілін уәкілетті органдардың келісуінсіз қолдану, - лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Өткізілетін мемлекеттік сатып алулар туралы конкурс ұйымдастырушысының ақпаратына қойылған талаптарды бұзу, сол сияқты жалған ақпарат беру, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу процесінің қатысушылары - ықтимал жеткізушілерді тіркеу рәсімдерін бұзу,

лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Ашық және жабық конкурстарды, сондай-ақ екі кезеңдік рәсімдерді пайдаланатын конкурстарды өткізу кезінде бюджеттік қаражатты ұтымсыз жұмсауға әкеп соқпаған мемлекеттік сатып алу рәсімдерін бұзу, - лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл

с а л у ғ а

ә к е п

с о ғ а д ы .

5. Бюджеттік қаражатты қосымша шығындауға әкеп соққан осы баптың төртінші бөлігінде көзделген іс-әрекет (әрекетсіздік), -

лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Бюджеттік қаражатты ірі мөлшерде қосымша шығындауға әкеп соққан осы баптың төртінші бөлігінде көзделген іс-әрекет (әрекетсіздік), -

лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Осы баптың бірінші - алтыншы бөліктерінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік), -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Е с к е р т у :

1. Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру үшін жауапты конкурс ұйымдастырушысының басшысы және (немесе) оның орынбасары осы баптың бірінші, екінші бөліктерінде көрсетілген лауазымды адамдар деп танылады; мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру үшін конкурс ұйымдастырушысының жауапты басшысы және (немесе) оның орынбасары, сондай-ақ конкурс комиссиясының хатшысы осы баптың үшінші бөлігінде көрсетілген лауазымды адамдар деп танылады; конкурс комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы осы баптың төртінші, бесінші, алтыншы бөліктеріндегі лауазымды адамдар деп танылады.

2. Құқық бұзушылық жасау сәтіндегі айлық есептік көрсеткіштің екі мың есе мөлшерінен асатын сома осы баптың мақсаттары үшін ірі мөлшер деп танылады.";

1 6 8 - б а п т а :

бірінші бөліктің бірінші абзацы "әлденеше рет" деген сөздер "ұсынбауы, сол сияқты әлденеше рет" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацы "белгілеген" деген сөзден кейін "не бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шараларды міндеттеме-хатта белгіленген мерзімде" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші бөліктің бірінші абзацы "не" деген сөзден кейін "банк заңдарын бұзып, сол сияқты" деген сөздермен толықтырылсын;

169-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацында "оның келіп түскен күнін есептемегенде, бір операциялық күннен асырып" деген сөздер алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 169-1-бабымен толықтырылсын:

"169-1-бап. Қазақстан Республикасының аумағына достық жалған және қаржы вексельдерін шығару

Қазақстан Республикасының аумағында достық, жалған және қаржы вексельдерін шығару , -

Азаматтар мен лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің қырықтан жетпіске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады".

170 - бапта :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"170-бап. Банкке немесе банк холдингіне ірі қатысушы мәртебесін заңсыз иеленуге байланысты бұзушылық";

бірінші бөлік "Банкке" деген сөздің алдынан "1." деген санмен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алдын ала келісімінсіз банк холдингі мәртебесін алу, -

заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бір мыңнан екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

мынадай мазмұндағы 170-1-баппен толықтырылсын:

"170-1-бап. Банктердің заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына заңсыз қатысуына байланысты бұзушылық

1. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, банктің Қазақстан Республикасының банк заңдарының талаптарын бұзып, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуы, -

лауазымды адамға - айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - бес жүзден мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Банктің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алдын ала келісімінсіз еншілес ұйымды құруы не сатып алуы, -

лауазымды адамға - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - бір мыңнан екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

171 - бапта :

тақырып "дер кезінде" деген сөздердің алдынан "табыс етпеуге, сол сияқты" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші абзацта :

"дер кезінде табыс етпеуі" деген сөздер "табыс етпеуі, сол сияқты дер кезінде табыс етпеуі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Ұлттық Банк" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" деген сөздермен ауыстырылсын;

173 - бапта :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есеп-қисапты не сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңдарға сәйкес сұрау салынған өзге де уәкілетті

мемлекеттік органның ақпаратты уәкілетті мемлекеттік органға дер кезінде табыс етпеуі, табыс етпеуі не расталмаған есеп-қисап беруі - айлық есептік көрсеткіштің отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

екінші бөліктің бірінші абзацы "орындамауы," деген сөздерден кейін "сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының оны тіркеу үшін бірлескен қызмет туралы шартты уәкілетті мемлекеттік органға табыс етпеуі не дер кезінде табыс етпеуі," деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокері мен сақтандыру агенттігінің мәмілелер мен операцияларды сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңдарды бұза отырып жүзеге асыруы, -";

жетінші бөліктің бірінші абзацы "лайықты орналастыру" деген сөздерден кейін ", құжаттарды құжаттамалау, сақтау" деген сөздермен толықтырылсын; 187-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"187-бап. Ұлттық және шетел валютасы түріндегі қаражаттарды шет елден қайтармау, сол сияқты импорттық мәмілелер бойынша алынатын тауарларды алмау не ақшаларды қайтармау

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес міндетті түрде Қазақстан Республикасының уәкілетті банкінің шотына аударуға жататын ұлттық және шетел валютасы түріндегі қаражатты шет елден қайтармау, қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері болмаған жағдайда, -

азаматтарға және лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға екі жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады."

191-бапта:

тақырыпта ", сондай-ақ акциялар эмиссиясына ұлттық бірегейлендірілген нөмір беру үшін" деген сөздер алынып тасталсын;

бірінші абзацта ", сондай-ақ мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясына ұлттық бірегейлендірілген нөмір беру үшін" деген сөздер алынып тасталсын;

192-баптың бірінші абзацында "кәсіби қатысушыларға" деген сөздер "субъектілердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

193-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацында ", бағалы қағаздар эмиссиясына ұлттық бірегейлендірілген нөмір беру үшін" деген сөздер алынып тасталсын;

196-баптың бірінші абзацында "эмитентінің немесе" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 205-1-баппен толықтырылсын:

"205-1-бап. Салық салудың оңайлатылған режимін қолданған кезде заңсыз қызметті жүзеге асыру

Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген шарттарды бұза отырып, салық салудың оңайлатылған режимін қолданған кезде қызметті жүзеге асыру, - жеке кәсіпкерлерге - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

206 - бапта :

бірінші бөліктің екінші абзацында "он проценті мөлшерінде" деген сөздерден кейін ", бірақ жиырма айлық есептік көрсеткіштен кем емес" деген сөздермен толықтырылсын ;

екінші бөліктің екінші абзацында "елу проценті мөлшерінде" деген сөздерден кейін ", бірақ қырық айлық есептік көрсеткіштен кем емес" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 208-1-баппен толықтырылсын:

"208-1-бап. Есептелген (үстеп есептелген) салық сомасын және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтару

Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген берешекті төлеу мерзімінен тоқсан күннен асқан салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер жөніндегі берешек бола тұра, салық төлеушінің касса не үшінші адамдардың банк шоты арқылы өзара есеп айырысуды жүзеге асыруы арқылы есептелген (үстеп есептелген) салық сомасын және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтару, егер бұл іс-әрекеттерде жазаланатын қылмыстық әрекеттер болмаса,

жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға жүргізілген есеп айырысу сомасының елу проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

209-бапта:

бірінші бөлікте:

екінші абзацта:

"жеке кәсіпкерлерге және" деген сөздер алынып тасталсын;

"заңды тұлғаларға" деген сөздерден кейін "және жеке кәсіпкерлерге" деген сөздермен толықтырылсын;

"төленбеген" деген сөз "үстеп төленген" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші және бесінші бөліктердің бірінші абзацында "есептелген" деген сөз "төленген" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-бөлікпен толықтырылсын:

"6. Бюджетпен патент негізінде есеп-қисап жүргізетін ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші - заңды тұлғаның патент құнының есебіне кіретін салық сомасын кемітіп көрсетуі ,

патент құнының есебі кезінде азайтылмай, кемітіп көрсетілген соманың елу проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады."

ескертуде :

2-тармақтағы "бірінші" деген сөз "екінші" деген сөзбен ауыстырылсын;

210 - бапта :

бірінші бөлікте :

бірінші абзац "Салық агенттерінің" деген сөздерден кейін "және өзге де уәкілетті органдардың (ұйымдардың)" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы "жеке кәсіпкерлерге" деген сөздерден кейін үтір қойылып, "лауазымды тұлғаларға" деген сөздермен толықтырылсын;

"аударылмаған" деген сөз "ұстап қалмаған" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "жеке кәсіпкерлерге" деген сөздерден кейін "лауазымды тұлғаларға" деген сөздермен толықтырылсын;

211-бапқа ескертудегі "салық төлеуші" деген сөздерден кейін үтір қойылып, "сол сияқты, нақты қызмет көрсету, тауарлар жөнелту, жұмыстар орындауды жүргізбеген тұлға" деген сөздермен толықтырылсын;

213 - бапта :

бірінші бөліктің екінші абзацы "жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде" деген сөздерден кейін үтір қойылып, "заңды тұлғаларға - жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы "қырықтан жүзге дейінгі мөлшерінде" деген сөздерден кейін үтір қойылып, "заңды тұлғаларға - бес жүзден мыңға дейінгі мөлшерінде" деген сөздермен толықтырылсын;

215-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацында "төленген" деген сөздің қазақ тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

217-баптың бірінші бөлігінің төртінші абзацында "төлем құжаттарын (вексельді қоспағанда), салық төлеушінің тіркеу нөмірін табыс етпей" деген сөздер "төлем құжаттарында (вексельді қоспағанда) салық төлеушінің тіркеу нөмірі қойылмай" деген сөздермен ауыстырылсын;

240 - бапта :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"240-бап. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі санитариялық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарды бұзу"

бірінші және екінші бөліктің бірінші абзацында "және өзге де" деген сөздер ", санитарлық-эпидемиологиялық және" деген сөздермен ауыстырылсын;

242-баптың бірінші абзацы "табиғат қорғау" деген сөздердің алдынан " санитариялық және" деген сөздермен толықтырылсын;

243-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"243-бап. Ластаушы заттарды атмосфераға шығарудың, ағынды су төгіндісін төгудің шектеулі нормативтерінен асып кету не рұқсатсыз ластаушы заттарды шығару, ағынды су төгіндісін төгу, өндіріс қалдықтарын тарату және пайдалану

Ластаушы заттарды атмосфераға шығарудың, төгіндінің шектеулі нормативтерінен асып кетуі; зиянды физикалық әсердің шектеулі нормативтерінен асып кетуі, сондай-ақ осыған арнайы уәкілетті мемлекеттік органдардың рұқсатынсыз ластаушы заттарды атмосфераға шығару, ағынды су төгіндісін төгу, өндіріс қалдықтарын тарату және пайдалану, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері б о л м а с а , -

лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2 4 6 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "Шығарылған" деген сөздің алдынан "1." деген санмен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы . " ;

2 4 7 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "Шығарылған" деген сөздің алдынан "1." деген санмен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы . " ;

256-баптың бірінші абзацында "Азаматтардың" деген сөзден кейін "және заңды тұлғалардың" деген сөздермен толықтырылсын;

283-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"283-бап. Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу және зақымдау

1. Ағаштар мен бұталарды, сондай-ақ орман қорына кірмейтін және кесуге тыйым салынған ағаштар мен бұталарды, қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ заңсыз кесу және зақымдау, -

заңсыз кесілген ағаштар мен бұталар, сондай-ақ құқық бұзушылық жасау құралы

болып табылған өзге де заттары тәркіленіп немесе онысыз азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырма беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы .

2. Орман питомниктері мен плантацияларында орман дақылдарын, себінділерді не көшеттерді, сондай-ақ табиғи өскіндерді, жас шыбықтарды, сондай-ақ орманды қалпына келтіруге арналған алаңдардағы өздігінен көктеген өскіндерді жою немесе з а қ ы м д а у , -

азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырма беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған, қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ і с - ә р е к е т т е р , -

құқық бұзушылық жасау құралы немесе тікелей объектісі болған заттары тәркіленіп немесе онысыз азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен елуге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға елуден екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2 8 4 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацында:

"беске дейінгі" деген сөздер "онға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жиырмаға дейінгі" деген сөздер "жиырма беске дейінгі" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші бөліктің екінші абзацында "онға дейінгі" деген сөздер "жиырма беске дейінгі" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған қылмыстық жазалау белгілері жоқ іс-әрекеттер, -

құқық бұзушылық жасау құралы болған заттары тәркіленіп немесе онысыз азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

285-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"285-бап. Кесілетін орман қорын пайдаланудың, сүректер дайындау мен әкетудің, сағыз бен сүрек шырындарын, екінші дәрежелі орман материалдарын алудың белгіленген т ә р т і б і н б ұ з у

1. Кесілетін орман қорын пайдаланудың, сүректер дайындау мен әкетудің, сағыз бен сүрек шырындарын, екінші дәрежелі орман материалдарын алудың белгіленген т ә р т і б і н б ұ з у , -

азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - алпысқа дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2 8 6 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"286-бап. Орман қорының және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың уақытша иеленіп отырған учаскелерін қайтару туралы";

бірінші бөлік "Орман" деген сөздің алдынан "1." деген санмен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған дәл сондай іс-әрекеттер, - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

287-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"4. Осы баптың бірінші-үшінші бөліктерінде көзделген, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған іс-әрекеттер, - азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2 8 9 - б а п т а :

екінші бөліктегі "жиырмаға дейінгі мөлшерінде" деген сөздерден кейін үтір қойылып, "заңды тұлғаларға - төрт жүзге дейінгі мөлшерінде" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"4. Осы баптың бірінші - үшінші бөліктерінде көзделген, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған іс-әрекеттер, - азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - алты жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2 9 0 - б а п т а :

бірінші бөлігі "Орманды" деген сөздің алдынан "1." деген санмен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2 9 1 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "Орманның" деген сөздің алдынан "1." деген санмен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің отызға дейінгі мөлшерінде,

лауазымды адамдарға - жүз елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

293-бапта:

тақырыпта және бірінші абзацта "дайындау" деген сөз "дайындауға жол беру" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

294-бапта:

бірінші бөлік "Өсімдік" деген сөздің алдынан "1." деген санмен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған нақ сол іс-әрекеттер, -

азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - алпысқа дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе ескерту жасауға әкеп соғады.";

295-бапта:

бірінші бөлік "Өсімдіктер" деген сөздің алдынан "1." деген санмен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған нақ сол іс-әрекеттер, -

азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырма беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - алпысқа дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе ескерту жасауға әкеп соғады.";

297-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"297-бап. Селекциялық-тұқым шаруашылығы объектілерін зақымдау немесе жою

Селекциялық-тұқым шаруашылығы объектілері: географиялық дақылдарды,

қосынды екпе ағаштарды, қосынды ағаштарды, қосынды ағаштардың сыналу дақылдарын, біртекті ежелгі өскіндерді, тұқымдық орман алқаптарын, тұқымдық орманның тұрақты учаскелерін зақымдау немесе жою азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2 9 8 - б а п т а :

тақырыптағы "балық аулау" деген сөздер алынып тасталсын;
бірінші бөліктің екінші абзацында:

"беске дейінгі" деген сөздер "бестен онға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;
"жиырмаға дейінгі" деген сөздер "жиырмадан елуге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын ;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған іс-әрекеттер, -

құқық бұзушылық жасау құралы немесе тікелей құқық бұзушылық объектісі болған заттарын тәркілей отырып немесе онысыз азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - екі жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

мынадай мазмұндағы 298-1-баппен толықтырылсын:

"298-1-бап. Балық аулау және балық қорларын қорғау ережелерін бұзу

1. Балық аулау ережелерін, сондай-ақ су жануарларын пайдаланудың басқа да түрлерін жүзеге асыру ережелерін, қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ бұзу, -

құқық бұзушылық жасау құралы немесе тікелей құқық бұзушылық объектісі болған заттарын тәркілей отырып немесе онысыз, азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің - онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Балық аулау ережелерін, сондай-ақ су жануарларын пайдаланудың басқа да түрлерін жүзеге асыру ережелерін, қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ өрескел бұзу (тиісті рұқсатсыз немесе тыйым салынған жерлерде не тыйым салынған мерзімдерде, тыйым салынған құралдармен немесе тәсілдермен өнеркәсіптік балық аулау және балық аулау), -

құқық бұзушылық жасау құралы немесе тікелей құқық бұзушылық объектісі болған заттарын тәркілей отырып немесе онысыз, азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Бас тоған құрылыстарына балық түсіп кетуден сақтау үшін арнайы қондырғылар салмай, балық шаруашылығы су қоймаларынан су алу, -

азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

20-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"20-тарау. Өсімдіктерді қорғау, карантиндік ережелер саласында, астық, тұқым шаруашылығын сақтау жөніндегі қызметті және мал дәрігерлік қадағалауды жүзеге асыруда әкімшілік құқық бұзушылық";

мынадай мазмұндағы 309-1 және 309-2-баптарымен толықтырылсын:

"309-1-бап. Астық сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезіндегі бұзушылық

1. Заңдарда тыйым салынған не астық қабылдау кәсіпорнының құқық қабілеттігі шегінен шығатын мәмілелерді және операцияларды жүзеге асыру, - белгілі қызмет түрінің лицензиясын тоқтата отырып немесе онысыз, айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Астық қабылдау кәсіпорнының мемлекеттік қордағы астықты сақтау кезіндегі астық қолхаттарынан туындайтын өз міндеттерін орындамауы, - айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, - айлық есептік көрсеткіштің мыңнан екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Астық қабылдау кәсіпорындарының астық операциясы есебінің белгіленген тәртібін бұзу, - айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Астық қабылдау кәсіпорындарының заңда белгіленген құжаттарды жасамауы, сол сияқты дер кезінде жасамауы, - айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Астықты ішкі рынокта, экспорт және импорт кезінде тиісті сапа сертификаттарынсыз өткізу, - азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - оннан елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Мемлекеттік қордағы астықты сақтаушы астық қабылдау кәсіпорындарының астықтың кез келген мөлшерін тиеп алуы, сол сияқты, оны уәкілетті органдардың алдын ала келісуінсіз көлік ұйымдарының жөнелтуі, - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

8. Осы баптың жетінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, - айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Уақытша басқару немесе уақытша әкімшілік жөніндегі комиссия мүшелерінің астық қабылдау кәсіпорындарын уақытша басқаруды жүргізу кезінде астық кәсіпорынына материалдық залал келтіріп, заңды бұзуы, - айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

309-2-бап. Тұқым шаруашылығы саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезіндегі бұзушылық

1. Олардың сорттық және егу сапасын куәландыратын тиісті құжаттары жоқ тұқымдарды егу және өткізу бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру, - айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Элиталық тұқымдарды өндіруде белгіленген нормативтерді бұзу, - элиталық-тұқымдық шаруашылық мәртебесін беру туралы куәлігінің қызметін тоқтата отырып, азаматтарға және лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Тұқымның сорттық және егу сапасын белгілейтін әдістерді бұзу, - айлық есептік көрсеткіштің оннан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. " ;

310-баптың 9) тармақшасында "әкеп соқпаған" деген сөздердің қазақ тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

313-бап мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

"Ескерту. Осы бапқа қолданғанда әкімшілік құқық бұзушылық жасаған сәттегі айлық есептік көрсеткіштің елуден асатын сома шығынның ірі мөлшері болып танылады. " ;

320-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы қазақ тіліндегі мәтінде "Кәмелетке" деген сөз кіші әріппен жазылып, осы сөздің алдынан "16 жасқа дейінгі" деген сөздермен толықтырылсын;

3 2 3 - б а п т а :

тақырыптағы "ережелерді және нормаларды" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ гигиеналық нормативтерді" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші абзацтағы "ережелерді және нормаларды" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ, гигиеналық нормативтерді" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 330-1-баппен толықтырылсын:

"330-1-бап. Қылмыстық қуғындауға әкеп соқпайтын отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында заңсыз іс-әрекеттер, -

Қылмыстық қуғындауға әкеп соқпайтын отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында заңсыз іс-әрекеттер, яғни жақын туыстарына, отбасы мүшелеріне тіл тигізу және ар намысын қорлау, оларға қатысты денеге немесе психикалық сипатта зорлық іс - әрекет ж а с а у , -

айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады."

333-баптың бірінші бөлігінде:

бірінші абзац "тыныштықты бұзу," деген сөздерден кейін ", соның ішінде, тұрғын жайлардың ішінде және сыртында кейінге қалдыруға болмайтын қажеттілігі жоқ шу шығаратын жұмыстар жүргізу" деген сөздермен толықтырылсын; екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"азаматтарға - ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің екіге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп с о ғ а д ы . " ;

23-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"23-тарау. Бұқаралық ақпарат құралдары саласында әкімшілік құқық бұзушылық";

3 4 2 - б а п т а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тіркеуден өткізбей тұрып не оларды шығаруды (эфирге шығуын) тоқтата тұру, тоқтату немесе есепке алу туралы куәліктің күші жойылды деп тану туралы шешім шығарылғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдерін, сондай-ақ ақпараттық агенттіктің материалдары мен хабарларын тарату, -

бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерін тәркілей отырып, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелері заңды тұлғаларға - жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы . " ;

е к і н ш і б ө л і г і н д е :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік тілдегі хабарларды уақыты жағынан телерадиохабарлар арналарында басқа тілдердегі хабарлардың жиынтық көлемінен аз тарату -";

екінші абзацта "заңды тұлғаларға" деген сөздердің алдынан "бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелері" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер, -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелері заңды тұлғаларға - телевизиялық және дыбыстық (радиохабарлар) бағдарламаларды эфирге шығару құқығына берілген лицензиядан айыра отырып, екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

343-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"343-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарында мәліметтерді және материалдарды тарату шарттарын бұзу

1. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-таптық артықшылықты, мейірімсіздікті, зорлық-зомбылықты және порнографияны насихаттауы немесе үгіттеуі бар мәліметтерді және материалдарды тарату үшін бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану,

лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелері заңды тұлғаларға - жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер,

лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелері - заңды тұлғаларға - бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерін шығаруды (эфирге шығуын) тоқтата отырып не телевизиялық және дыбыстық (радиохабарлар) бағдарламаларын эфирге шығару құқығына берілген лицензиядан айыра отырып, екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады."

344-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"344-бап. Республика аумағына шет елдік бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерін заңсыз әкелу және тарату

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-таптық артықшылықты, мейірімсіздікті, зорлық-зомбылықты және порнографияны насихаттауға немесе үгіттеуге бағытталған мәліметтері мен материалдары бар шет елдік бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерін республика аумағына әкелу және тарату,

Азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде,

лауазымды адамдарға - жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерін тәркілей отырып, екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

347-баптың тақырыбында және бірінші абзацында "мәліметтер" деген сөзден кейін "және материалдар" деген сөздермен толықтырылсын;

348-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"348-бап. Мерзімді баспа басылымдарының міндетті тегін даналарын берудің, фиксаждаудың, теле- және радиохабарлар материалдарын сақтаудың тәртібін бұзу";

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мерзімді баспа басылымдарының міндетті даналарын берудің, сондай-ақ теле- және радиохабарлар материалдарын фиксаждау мен сақтаудың тәртібін бұзу-";

екінші бөліктің екінші абзацында:

"немесе басылымын" деген сөздер "(эфирге шығуын)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"алты айға" деген сөздер "үш айға" деген сөздермен ауыстырылсын;

349-бапта:

бірінші бөлікте:

"эфирге шығаруға рұқсат беру" деген сөздер "эфирге шығару тәртібін бұзу" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Заңдармен белгіленген уақытты бұза отырып," деген сөздер алынып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацында "өнім таралымын" деген сөздер "теле- және радиохабарлар мен жарнамалық роликтердің жекелеген шығарылымдарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"3. Заңдармен белгіленген уақытты бұза отырып шетелдік теле- және радиобағдарламаларын тарату -

лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелері заңды тұлғаларға - жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жүзге дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, заңды тұлғаларға - телевизиялық және дыбыстық бағдарламаларды (радиохабарларды) тарату құқығына лицензиядан айыра отырып, екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3 5 0 - б а п т а :

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Белгіленген шығарылым деректерінсіз мерзімді баспа басылымдарын шығару, эфирде өз атауын хабарламай, сол сияқты анық емес немесе көрінеу жалған шығарылым деректерімен электрондық бұқаралық ақпарат құралдарының теле- және радиобағдарламаларының эфирге шығуы-";

екінші бөліктің екінші абзацында "не бұқаралық ақпарат құралдары басылымын шығаруды алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға" деген сөздер "не бұқаралық ақпарат құралын шығаруды (эфирге шығуын) үш айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 5 1 - б а п т а :

тақырып "құпиясын" деген сөздің алдынан "мен авторлық" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұқаралық ақпарат құралының лауазымды адамы ақпарат көзі мен авторлық құпиясын жария етуі, егер ол оны жария етпеуге жазбаша түрде міндеттенген болса -";

352-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"352-бап. Журналистің заңды кәсіби қызметіне кедергі жасау

1. Журналистің заңды кәсіби қызметін орындауына кедергі келтіретін не оны бұл мүмкіндіктен толық айыратын жағдайлар туғызу - айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Сұратқан ақпаратты беруден негізсіз бас тарту немесе заңдармен белгіленген мерзімде ұсынбау -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3 5 6 - б а п т а :

екінші бөліктің екінші абзацында "он" деген сөз "отыз" деген сөзбен ауыстырылсын ;

үшінші бөліктің бірінші абзацында "455" деген сан алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 358-1-баппен толықтырылсын:

"358-1-бап. Заңнама кесімдерінде көзделген жағдайларда жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне келіп түскен мүлікті есепке алу және одан әрі пайдалану тәртібін бұзу

1. Заңнама кесімдерінде көзделген жағдайларда жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне келіп түскен мүлікті уәкілетті органға толық тапсырмау және (немесе) уақытынан кешіктіріп тапсыру, -

жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - қырықтан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Заңнама кесімдерінде көзделген жағдайларда жекелеген негіздер бойынша

мемлекет меншігіне келіп түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату тәртібін сақтамау, сондай-ақ мемлекет меншігіне жекелеген негіздерде келіп түскен мүлікті сатудан түскен соманы мемлекеттік бюджетке дер кезінде аудармау, -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - қырықтан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

364-баптың екінші бөлігі қазақ тіліндегі мәтінде "Лауазымды" деген сөз кіші әріппен жазылып, алдынан "Заңды тұлғалардың және" деген сөздермен толықтырылсын;

368-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы "айлық" деген сөздің алдынан "қаруы тәркілене отырып немесе онысыз" деген сөздермен толықтырылсын;

369-бапта:

бірінші бөліктің бірінші абзацында "қызметтік" деген сөз алынып тасталсын;

екінші бөлікте:

"азаматтық" деген сөз алынып тасталсын;

"айлық" деген сөздің алдынан "қаруын қайтарымды алып қоя отырып немесе онысыз" деген сөздермен толықтырылсын;

374-баптың бірінші бөлігіндегі "жазбаша ескертілгеннен кейін" деген сөздер алынып тасталсын;

375-бап "діни бірлестік орналасқан" деген сөздердің алдынан "қайырымдылық қызметті жүзеге асыруды, науқас адамдарды күтіп-бағуды, бас бостандығынан айыру орындарына баруды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

386-бапта:

екінші бөліктің бірінші абзацы ", егер осы іс-қимылдардың қылмыстық белгілері болмаса" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің бірінші абзацында "немесе әскери" деген сөздер алынып тасталсын;

387-бапта:

бірінші абзац "Қалалар" деген сөздің алдынан "1." деген санмен толықтырылсын;

екінші абзацтың қазақ тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейінгі

бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер, - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - үш жүзден мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

мынадай мазмұндағы 391-1-баппен толықтырылсын:

"391-1-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының режимін бұзу

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының режимін бұзу, осы баптың екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, - азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - оннан жиырмаға дейінгі мөлшерде, заңды тұлғаларға - жиырмадан жүзге дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

